

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

ТҰРАН ТҮРКІСТАН ХАҚЫНДА

Бекетаев Ө.Қ.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты

Замананың қатпарларында сан түрлі империялар мен мемлекеттер тарихын таба аламыз. Тарих беттерінде алып империяларызі қалған болатын. Көптеген халықтар тарихын сонау жер бетіндесаналы тіршілік пайда болғаннан бері Адам Ата мен Хауа Анадан таратып мемлекеттілігін заңдастыруға тырысып жатады. Адамзат тарихы даму барысында мың жылдарды артқа тастап даму сатыларынан өтіп келеді. Кәзіргі таңда қалыптасқан басқару формалары мен ішкі құрылымы сан алуан мемлекеттер бар. Әр бір мемлекеттің бастау негізі бар болатыны анық. Тайпалық одақтардан тәуелсіз мемлекетке айналған Қазақстан Республикасы да соның қатарында. Мемлекеттік атрибутикалары мен ең бастысы территориясыз мемлекет болмайтыны белгілі. Мемлекеттің қалыптасуы өркендеуі мен даму сатыларынан өту барысында адамзат тарихының қалыптастырушысы болып табылатыны белгілі.

Биыл 30 жылдығын тойлап жатқан Қазақстан Республикасы да бастауын сол тарих қойнауына енген тарихта орны барарысы Сақ, Ғұн, Түрік қағанаты империялары бергісі Алтын Орданың заңды мұрагері екенін тарихтан білеміз. Мемлекеттің географиялық орналасуы нақты бір жерде болғанымен саяси процестерге байланысты атауы өзгеріп отырған. Тарих қойнауына енген осы атаулар кәзіргі таңда зерттеу объектілеріне айналды. Біздің тарихымыздың сондай атауларының кезеңдері болып табылатын Тұран және Түркістан болып табылады.

Тұран туралы алғашқы мәліметті біз «Авеста»дан және Фирдаусидің «Шах-намесінен» аламыз. Ол жерде Иран мен Тұран соғыстары суреттеледі. Тұран туралы біз Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» атты өлеңінде одан ертерек Қожаберген жырау "Ататек" жырында жырлағанын білеміз. Бертін келе Рахманқұл Бердібай, Мекемтас Мырзахмет т.б. ғалымдарымыз назарын аударған болатын. Бірақ бұл еңбектер Тұранның Түркістанның тарихи орнын анықтап айқындауда аздық етіп отырған жайы бар. Бұл күрделі мәселені тарихы немесе тарих ғылымының бір саласы боп табылатын тарихи география тұрғысынан зерттеуді талап етеді.

Дерек көзі болып табылатын карталарды негізге алып терең зертеуді қажет етеді. Ресей империясының жаулау саясатын іске асыруда қазақ жерлеріне жіберілген әскери топографтардың сондай ақ алыс шетелден келген жиханкез саяхатшылардың еңбектерінде кездесіп қалатын аз мәліметтерді топтастырып саралауды қажет етеді.

Сондай еңбектердің бірі ол орыстың шығыстанушы ғалымы атақты В.В. Григорьевтің 1871 жылы шыққан «О скифском народе саках» деген еңбегін атауға болады. Ғалым бұл еңбегін сол кезде Ресей империясының қызығушылығын танытқан тарихта орны қалған Сақ тайпасына арнаған болатын.

В.В. Григорьевтің «О скифском народе саках» атты жұмысынан:

«С XIII столетия, когда Европейцы вновь стали знакомится со Средней Азией, распространено было на нее имя Тартарии, вместе с представлением, что разные народы татарские составляют исключительное ее население. Вследствие этого, когда, с возраждением научных занятий, вспомнили в Европе, что означенные пространства Азии занимаемые были в древности народами скифскими, стали, естественно, считать за одноплеменников с Татарами и древних Скифов.

С другой стороны, в конце X-го столетия, когда Фирдауси из Туса сшивал и склеивал в одно стихотворное целое сохранившиеся до его времени былины древней Персии, в Трансоксиане Древних или Мавараунагре Арабов, т.е. странах к северу от Аму-Дарьи и далее за Сыр, равно как и на пространствах к востоку от Памирской Выси, давно уже господствовали разные народы Тюркского Племена. Мусульманину X-го века, при отсутствии у него не только основательных этнографических, но и всяких историко-

хронологических сведений, естественно было думать, что Турки и в древности играли такую же роль и занимали те же самые пространства, что и в его время. Потому термин Турань и Туранцы, которые встречал он в старых былинах Персии, как обозначение стран и народов к северу от Аму-Дарьи, сделались в глазах его равносильны именам Туркестан и Тюрки, чему способствовала и самая созвучность Турана и Туркестана, Турок с Туранцами» [1,131 б.]. Жоғарыда келтірілген үзіндіде В.В. Григорьев Фирдасидің еңбегін аңыз әһсаналарға негізделген деп сынға ала отырып сол жерлерде басқа бірақ түркі тайпалары мекен еткен деп сынымен дәлелдей түсуде.

Келесі еңбек ешқандай тарихи, тюркологиялық зерттеулердің библиографиялық тізіміндерінен түспейтін атақты шығыстанушы Академик В.В. Бартольдтың академиялық 9 томдық еңбегінде Тұран туралы мәліметтер кездеспейді. Өзінің "Работы по исторической географии" еңбегінде тек «Туркестан» деген атауға аз ғана түсініктеме береді де былай қорытындылайды:

«В Советской России слово «Туркестан» постепенно вытесняется из употребления главным образом по этнографическим причинам. После революции несколько лет существовала «Туркестанская республика» с прежней столицей Ташкентом; по сравнению с прежним генерал-губернаторством территория этой республики была значительно меньше; на севере отдельные части генерал-губернаторства отошли к Киргизской республике. После окончательного проведения национального принципа в 1924 г. общегеографическое название должно было уступить место названиям, образованным от названий народов: Узбекистан, Туркменистан, Таджикистан. Лишь немногие, преимущественно хозяйственные, вопросы, касающиеся всех соответствующих областей, по-прежнему решаются в Ташкенте; в таких случаях вместо «Туркестан» употребляется выражение «Средняя Азия»» [2 , 519б.].

Осылай тарихи сахнада Тұрар Рысқұловтың ұсынған «Түрк республикасы» да емес татар халқының саяси тұлғасы ұсынған «Тұран Республикасы» емес Тұранның Түркістанның жаңа синонимі «Средняя Азия» пайда болды [3 ,65, 121 б.].

Тарихымыз қайта зерделеніп тарихи жадымызды қайта жаңғырып жатқанда осы қасиетті атауларды ыждахаттылықпен қайта зерттеуді қажет етеді. Қазақ мемлекеттілігінің бастауларын осы атаулардан іздеген жөн. Алыс шет елдегі зерттеулерді сонымен қатар тарихи карталарды қайта зертеп саралау уақыты келіп тұрған сияқты. Ал осы зерттеулерге қазақ руының жаршысы Мағжан Жұмабаев жыры негіз бола алады;

Түркістан — екі дүние есігі ғой,
Түркістан— ер түріктің бесігі ғой .
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен..... [4 ,339б.].

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Григорьев В.В. «О скифском народе саках» Спб 1871 . - Алматы «Хант». - 255 с
2. Бартольд В.В. Работы по исторической географии – Москва, «Восточная Литература» РАН 2002. -711 с
3. Сыздықов Е.Б. Российско-Казахстанские отношения на этапе становления тоталитарной системы – Алматы: Ғылым, 1998. – 272с.
4. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы 8-том Ұлы Түркістан «Астана полиграфия» АҚ.–Астана, 2008. - 367 б.